

Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті
«Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасы
«Паразитология және инвазиялық аурулар» пәні
1 СӨЖ

Тақырыбы: Ет қоректілердің описторхозын балау,
емі және алдын алу.

Орындаған: КАбдулкаримова М
ВМ401

Қабылдаған: б.ғ.к. Ахметова Г
Алматы2015

● *Жоспар:*


- ❖ Кіріспе
- ❖ Негізгі бөлім
- ❖ Даму айналымы
- ❖ Қоздырушысы
- ❖ Эпизоотологиясы
- ❖ Өсіп – өнуі
- ❖ Аурудың өрбуі
- ❖ Сыртқы белгілері
- ❖ Өлекседегі өзгерістер
- ❖ Диагностикасы
- ❖ Емі
- ❖ Алдын алу және күресу шаралары
- ❖ Қорытынды
- ❖ Пайдаланылған әдебиет

● Описторхоз – бауырдың зақымдануымен, сарғыш тартумен, жүдеумен, циррозбен сипатталатын антропозоонозды ауру.



□ Даму айналымы: **биогельминт**

□ Жұмыртқа – мирацидий – спорациста – редий – церкарий – метацеркарий – имаго.



иттер

түлкі

Көгіл
дір
түлкі

Ақтық иесі

адам

бұлы
н

Жаба
йы
шошқ
а

Қара
күзен

Ааралық иесі

Тұщы
суда
тіршілік
ететін
ұлулар

*Bithynia
leachi*

Қосымша иесі

Тұқы тектес
балықтар


аққайран

таран

торта

табан

❖ **Қоздырғышы** : **Opisthorchis felineus**
(Rivolta, 1884), ұзындығы 0,8-1,3см, денесінің алдыңғы жағы созылыңқы, емізіктері жете дамымаған. Екі ені құрттың артқы жағында бір-біріне қиғаш орналасқан. Жыныс бездері арасынан түтікше тәрізді қуықша (несеп шығару жүйесі) өтеді, денесінің орта бөлігін іші жұмыртқаға толы жатыр алып жатады. Жұмыртқалары сопақ, сары - боз түсті, бір ұшында қақпағы орналасқан, мөлшері: ұзындығы 0,026-0,034мл, ені 0,011-0,019мл.



❖ **Описторхоз** – табиғи ошақты антропозоонозды гельминтоз. Оны *Opisthorchidae* тұқымдасына жататын *Opisthorchis felineus* трематодасы қоздырады. Бұл құрт адам және ет қоректі жануарлардың (иттердің, мысықтардың, түлкілердің, ақ түлкілердің, шошқалардың) паразиттері. Жынысы жетілген описторхтар бауырдың өт жолын, өт қабын және ұйқы безін мекендейді.






- ✓ **Эпизоотологиясы.** Битиния ұлуларының негізгі биотоптары ағынсыз, баяу ағатын тайыз су жағалары, өсімдігі қалың ескі арналар, өзектер, өзек салаларына қоныстанады. Дәл осындай су көздері тұқы тектес балықтардың да мекен жәйі. Адам мен етқоректілерге бауырқұрт балық еті арқылы жұғады.
- ✓ Кейбір мәліметтерге қарағанда Қазақстанда описторхоздың бірнеше табиғи ошақтары қалыптасқан. Ертіс өзенінің алқабы гельминтоздың ірі ордасы екені анықталды. Табиғи ошақ санатына Қарағанды су қоймасынан бастап, Қорғалжың көлдеріне дейін созылып жатқан Нұра өзені жатады. Сондай-ақ, Шілдерті, Ырғыз, Торғай, Сарысу өзендерінде трематодозардың табиғи ошағы бар.



□ *Өсіп, өнуі.* Ақтық иесінің бауырына орналасқан описторхтар көптеген жұмыртқалар шығарады. Олар нәжіске араласып, сыртқы ортаға тарайды. Құрттың аралық иелері *Vithunia Leachi* – деп, аталатын ұлулар. Алдымен, жұмыртқа қабығынан шыққан мирацийлер, ұлу денесіне еніп, 2 ай аралығында спороциста, редий және церкарий сатыларына дамиды. Онан кейін церкарийлер ұлу денесін тастап шығып, құрттың қосымша иелері – тұқы тектес балықтардың қабыршықтары араларынан өтіп, ет қабаттарына енеді. Мұнда гельминт тез арада цистаға оранып, 6 аптаның ішінде жұқпалы сатысы метацеркарийге айналады. Метацеркариймен залалданған балықтан адам немесе етқоректілер описторхоз ауруын жұқтырады. Етқоректілер асқорыту жүйесіне түскен метацеркарийлер сыртқы қабығынан босап, ішектің өт арнасы арқылы бауыр өт жолдарына жетіп, 3-4 апта ішінде жынысы жетілген ересек сорғыштарға айналады.

- *Аурудың өрбуі.* Неңғұрлым сорғыш құрт саны көбірек болса, соғұрлым бауырдың зақымдануы терең болмақ. Өт жолдары жарақаттанады, қабынады, бауыр торшаларының орнын дәнекер тоқыма басып, олардың семуіне әкеліп соғады. Өт жолында жиналған гельминттер эпителий торшаларын зақымдап, көптеп ыдыратады.






□ *Сырт белгілері* айқын емес. Ит, мысықтың т.б. Тәбеті нашарлайды, кілегей қабықтары сарғыштанады, бауыр тұсы ісінеді, іші қатады немесе өтеді. Оң бүйіріндегі қабырға аралықтарын саусақпен басқанда ауырсынады.






- *Өлекседегі өзгерістер.* Бауыр көлемі ұлғайған, қалыңдаған, өт жолдары айқын бұжырланған. Өт қалтасы созылған. Патоморфологиялық өзгерістер бауыр паренхимасынан да байқалады.



Увеличенная селезенка - края имеют тупые углы


idoktor.info



idoktor.info

□ **Диагностикасы.**

Описторхоздың эпизоотологиялық деректерін, клиникалық белгілерін анықтап, гельминтоовоскопиялық зерттеулер жүргізеді. Описторхтың жұмыртқасы сопақ, көлемі 0,26-0,30х0,01-0,015мм, ақ сары түсті келеді. Өлексенің бауырын тіліп, өт жолдарынан және өт қалтасынан құрттар іздестіреді.



- *Емі.* Ет қоректілерді гексахлорпарааксиллол және гексихолмен емдейді. Бірінші дәріні аңдарға 0,4-0,6 г/кг, есебінде тартылған етке қосып, оларға жеке-жеке немесе топтастырып жегізеді. Дәрілеу алдында оларды 18сағ бойы аш ұстайды. Кейде антигельминтті аз мөлшерде (0,2-0,3г/кг) екі күн қатар береді. Түлкі мен көгілдір түлкіні гексихолмен (0,2 г/кг, тартылған етке қосып) 12-14 сағ ашықтырып барып, бір қайтара дәрілейді. Ауруы асқынғандарға бұл препаратты 0,1г/кг өлшемінде екі күн үзбей береді.



□ *Алдын алу және күресу шаралары.* Описторхоз байқалған аң шаруашылықтарында сақтық дегельминтизация жүргізілуі тиіс. Төбет пен қаншықтарды ұйығудан бір ай бұрын және күшіктегеннен кейін дәрілейді, ал күшіктерін, егер гельминтоз белгілері байқала бастаса, емдік дегельминтизациядан өткізеді. Жыртқыштарға шикі немесе шала-шарпы пісірілген, тұздалған балықтарды жегізуге тыйым салынады. Адам, ит, мысық және т.б. Нәжісінің суды былғауына жол бермеу керек. Балықшы кемелерінде тазалық сақтау шараларын мұқият сақтау қажет.

- Күрес және алдын алу шараларының кешенінде, адам және малдың денсаулықтарына қауіпсіз балық өнімдерімен қамтамасыз етудің алғашқы маңызы бар іс – шараларына: адам және малдың гельминтоздар қоздырғыштарынан зарарсыздандыруына кепілдік беруші балықтарды өңдеу реттілігімен қамтамасыз ету, санитарлық-гигиеналық және ветеринарлық-санитарлық сараптама, медициналық-биологиялық және ветеринарлық-санитарлық талаптарға, сондай-ақ паразитарлық тазалықтың көрсеткіштері бойынша санитарлық нормаларға сәйкес, зерттеулерді ұйымдастыру және сапалығын қамтамасыз ету.



- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі :
- 1.Г.В.Васильков «Гельминтозы рыб »
- 2.Л.И.Грищенко “Болезни рыб и основы рыбоводство ”
- 3.М.С.Сабаншиев «Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары»
- 4.Ф.Ф.Сопрунова «Гельминтозы человека»
- 5.О.Д.Дайырбеков, Б.Е.Алтынбеков, Б.К. Торғауытов, У.И.Кенесариев, Т.С.Хайдарова «Аурудың алдын алу және сақтандыру бойынша орысша-қазақша терминологиялық сөздік»